

Договор оказания образовательных услуг №	Білім беру қызметтерін көрсету шарты №
<p>г. Алматы « » 20 г.</p> <p>Настоящий договор (далее по тексту – Договор) заключен между: НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», в лице проректора по академической деятельности Байльдиновой К.Ж., действующей на основании доверенности №35 от 21.07.2020г., именуемое в дальнейшем «Университет», с одной стороны, _____ в лице _____ _____ действующего на _____ основании _____ именуемым в дальнейшем «Заказчик», с другой стороны, и гр. _____ (Ф.И.О. полностью) именуемым(ой) в дальнейшем «Обучающийся», с другой стороны, далее совместно именуемыми «Стороны», а по отдельности, как указано выше или «Сторона».</p>	<p>Алматы қ. 20 ж. « »</p> <p>"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КЕАҚ, 21.07.2019ж. №35 Сенімхат негізінде әрекет етуші академиялық қызмет жөніндегі проректоры Байльдинова К.Ж. атынан бұдан ары қарай «Университет» делінеді, бір тараптан, _____ негізінде әрекет етуші _____ бұдан ары қарай «Тапсырыс беруші» делінеді, екінші тараптан, және азамат(ша) _____ (толық аты-жөні) бұдан ары қарай «Білім алушы» делінетін, екінші тараптан, осы Келісім шартты (бұдан ары қарай мәтінде – Келісім шарт) жасасты, бұдан кейін бірлестікте «Тараптар», ал жеке тұрғанда жоғарыда аталғандай немесе «Тарап» делінеді.</p>
<p align="center">1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА</p>	<p align="center">1. ШАРТТЫҢ МӘНІ</p>
<p>1) Заказчик или Обучающийся поручает и оплачивает, а Университет принимает на себя обязанность по организации учебного процесса для Обучающегося и предоставлению обучающемуся возможности получения образовательных услуг в соответствии с учебными планами организации образования по образовательной программе, «Технология фармацевтического производства» (очное сокращенное на базе колледжа/на базе высшего образования) соответствующей государственному общеобязательному стандарту образования Республики Казахстан по форме обучения с присвоением ему (ей) соответствующей квалификации и выдачей документа об образовании по прохождению итоговой аттестации и полной оплаты оказанных услуг.</p>	<p>1) Тапсырыс беруші немесе Білім алушы тапсырады және төлейді, ал Университет Білім алушыға қорытынды аттестаттаудан өтуі және білім беру қызметтерін толық өтеу арқылы оған тиісті біліктілікті және білім туралы құжатты беру арқылы Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес келетін «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» (күндізгі қысқартылған колледж негізінде/жоғары білім негізінде) білім беру бағдарламасы бойынша, білім алу нысаны бойынша оқу процесін ұйымдастыру және білім алушының білім беру қызметтерін алу бойынша өз міндетіне алады.</p>
<p>2) Обучение проводится на базе учебно-научно-производственных подразделений Университета и на клинических базах Университета. Допускается обучение Обучающегося по отдельным видам дисциплин и организация прохождения профессиональной практики в профильных организациях образования и лечебно-профилактических организациях в пределах г. Алматы.</p>	<p>2) Оқу өткізілетін орын Университеттің оқу-ғылыми-өндірістік ғимараттары мен Университеттің клиникалық базалары. Білім алушының Алматы қаласында орналасқан кәсіптік білім беру ұйымдарында және емдеу-профилактикалық ұйымдарында кәсіптік практикадан өтуі немесе жекелеген пәндер бойынша оқуы мүмкін.</p>
<p>3) Форма обучения – очная.</p>	<p>3) Оқу түрі – күндізгі.</p>
<p align="center">2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p>	<p align="center">2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ</p>
<p>2.1. Университет обязуется:</p>	<p>2.1. Университет міндеттенеді:</p>
<p>1) зачислить в число обучающихся в Университете, в соответствии с Академической политикой Университета;</p>	<p>1) Университеттің академиялық саясатына сәйкес Университет Білім алушыларының санына енгізуге;</p>
<p>2) принять Обучающегося по итогам конкурса или переводом из другой организации образования согласно Правилам перевода и восстановления обучающихся по типам организации образования;</p>	<p>2) Білім беру ұйымының үлгісі бойынша көшіру және қайта оқуға қабылдау Ережесіне сәйкес Білім алушыны конкурс қорытындысы немесе басқа білім беру ұйымынан ауысуы бойынша қабылдауға;</p>
<p>3) при заключении настоящего Договора ознакомить Обучающегося с Уставом Университета, лицензией на право ведения образовательной деятельности, Академической политикой Университета, Положением об академической честности, Кодексом академической честности, Правилами внутреннего учебного распорядка или другими нормативными правовыми актами, регламентирующими порядок приема в организации высшего учебного заведения.</p>	<p>3) осы Келісім шарт жасалған уақытта Білім алушыны Университет Жарғысымен, білім беру қызметіне құқық беретін лицензиямен, Университеттің академиялық саясатымен, Академиялық адалдық туралы ережесімен, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерімен және білім беру мекемесіне қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен таныстыруға;</p>
<p>4) создать комфортный морально-психологический климат между Обучающимся и Университетом;</p>	<p>4) Білім алушы мен Университет арасында қолайлы рухани-психологиялық ахуал құруға;</p>
<p>5) создать Обучающемуся условия для максимальной индивидуализации обучения;</p>	<p>5) Білім алушыға барынша жеке дара білім алуына жағдай жасауға;</p>
<p>6) создать Обучающемуся здоровые и безопасные обучения в соответствии с санитарными правилами, правилами пожарной безопасности и организовать плановый медицинский осмотр Обучающихся 1 (один) раз в год.</p>	<p>6) Санитарлық ережелерге, өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес Білім алушы үшін салауатты және қауіпсіз оқу жағдайын жасауға және жылына 1 (бір) рет Білім алушыларды жоспарлы медициналық тексеру ұйымдастыруға;</p>
<p>7) обеспечить Обучающемуся свободный доступ и возможность пользования информационными ресурсами библиотек Университета, учебниками, учебными пособиями, методическими пособиями и разработками по учебным дисциплинам, активными раздаточными материалами и указаниями по самостоятельной работе, электронными учебниками, доступом к сетевым образовательным ресурсам;</p>	<p>7) Университет кітапханаларының ақпараттық ресурстарын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды еркін пайдалануын қамтамасыз етуге және оқу тәртібі бойынша әзірлемелерге, белсенді үлестіретін материалдарға, өзіндік жұмыс бойынша нұсқауларға, электрондық оқулықтарға, желілік білім беру ресурстарына кіруіне мүмкіндік туғызу;</p>
<p>8) организовать прохождение профессиональной практики Обучающемуся в соответствии с учебным планом Университета на соответствующих базах Университета;</p>	<p>8) Білім алушының кәсіптік практикадан Университеттің оқу жоспарына сәйкес өтуін ұйымдастыру;</p>
<p>9) переводить Обучающегося на основании заявления с одной специальности на другую или с одной формы обучения на другую, а также в другую организацию образования в порядке, установленном Правилами перевода и восстановления;</p>	<p>9) Білім алушыны бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе бір оқу нысанынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында бекітілген тәртіпте ауыстыру</p>
<p>10) создать условия при содействии и организации академической мобильности Обучающегося, как на территории Республики Казахстан, так и зарубежом;</p>	<p>10) Қазақстан Республикасы аумағында, сонымен қатар шетелдерде Білім алушының академиялық оралымдығына жәрдемдесу және ұйымдастыруға жағдай туғызу;</p>
<p>11) создать условия для участия Обучающегося в научных, культурных и спортивных мероприятиях Университета, а также в международной, научной, культурной и спортивной жизни;</p>	<p>11) Білім алушының Университеттің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сонымен қатар мемлекетаралық ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына қатысуына жағдай туғызу;</p>
<p>12) создать условия по организации научно-исследовательской работы на базах Университета;</p>	<p>12) Университеттік негіз бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға жағдай туғызу;</p>
<p>13) исполнять Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции»;</p>	<p>13) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындауға;</p>

14) в случае ликвидации Университета или прекращения образовательной деятельности принять меры по завершению Обучающимся учебного года в других организациях образования.	14) Университет жойылған жағдайда немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда Білім алушының басқа білім беру мекемесінде оқу жылын аяқтауына байланысты шара қолдану.
2.2. Университет имеет право:	2.2. Университет құқылы:
1) издавать с соблюдением норм действующего законодательства внутренние нормативные документы и организационно-распорядительные акты (правила, инструкции, положения, решения, приказы, распоряжения и иные), далее по тексту Договора именуемые «акты Университета», по вопросам, касающимся образовательного процесса, и требовать от Обучающегося их надлежащего исполнения;	1) білім беру үдерісіне қатысты мәселелер бойынша заңдық күші бар заңнама нормаларын сақтай отырып, бұдан ары қарай мәтінде «Университет актілері» делінетін ішкі нормативтік құжаттар мен ұйымдастырушылық-өкімдік актілерді (ережелер, нұсқаулар, шешімдер, бұйрықтар, жарлықтар және басқалары) шығаруға және Білім алушыдан олардың тиісінше орындалуын талап етуге;
2) требовать от Обучающегося добросовестного и надлежащего выполнения обязанностей, предусмотренных настоящим Договором, действующим законодательством Республики Казахстан, а также соблюдения Академической политики Университета, Положения об академической честности, Кодекса академической честности, Правил внутреннего учебного распорядка или других нормативных правовых актов Университета;	2) Білім алушыдан осы Келісім шартта, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында, Академиялық адалдық туралы ережесінде, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерінде және білім беру мекемесіне қабылдау тәртібін реттейтін және тағы басқа да нормативтік құқықтық актілерінде және басқа да Университет актілерінде қарастырылған міндеттемелерін адал әрі тиісті деңгейде орындауын талап етуге;
3) установить переводной балл GPA, допускающий перевод Обучающегося на следующий курс;	3) Білім алушыны келесі курсқа ауыстыруға рұқсат ететін ауыстыру GPA баллын белгілеуге;
4) требовать от Заказчика надлежащего выполнения обязательств по оплате стоимости обучения согласно условиям Договора;	4) Тапсырыс берушіден оқу құнын төлеу бойынша Келісім шартта белгіленген міндеттемелерді уақытылы орындауын талап ету;
5) применять к Обучающемуся меры дисциплинарного воздействия за нарушение им учебной дисциплины, условий настоящего Договора, Устава, Академической политики Университета, Положения об академической честности, Кодекса академической честности, Правил внутреннего учебного распорядка или других нормативных правовых актов Университета, вплоть до отчисления из Университета;	5) Білім алушыға оқу тәртібін, Келісімнің, Университет Жарғысы мен Академиялық адалдық туралы ережесін, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерін және білім беру мекемесіне қабылдау тәртібін және тағы басқа да нормативтік құқықтық актілерін және басқа да Университет актілерін бұзғаны үшін Университеттен шығаруға дейінгі тәртіпке шақыру шараларын қолдануға;
6) Университет вправе отчислить Обучающегося из Университета по следующим основаниям:	6) Университет Білім алушыны келесі негіздемелер бойынша оқудан шығаруға құқылы:
a) по собственному желанию Обучающегося, выраженному в письменной форме, в том числе по состоянию здоровья Обучающегося на основании справки-заключения врачебно-консультационной комиссии;	a) Білім алушының жазбаша түрде білдірілген өз еркі бойынша, соның ішінде дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының қорытынды анықтамасы негізінде Білім алушының денсаулық жағдайына байланысты.
b) в связи с переводом Обучающегося в другую организацию образования;	b) Білім алушының басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты.
c) при отказе Обучающегося от исполнения Договора;	c) Білім алушы Келісім шартты орындаудан бас тартқан жағдайда.
d) при расторжении Договора в соответствии с пунктом 4.6. Договора, в случае длительной продолжительности обстоятельств непреодолимой силы;	d) Келісім шарттың 4.6. тармағына сәйкес жеңістік бермейтін күштер міндеттемесі ұзартылмаған, Келісім шарт бұзылған жағдайда.
e) за академическую неуспеваемость Обучающегося, в случае отказа Обучающегося от повторного курса обучения;	e) Білім алушы курсты қайта өтуден бас тартқан жағдайда академиялық үлгерісіз үшін.
f) в случае утери связи с Университетом, в частности: <ul style="list-style-type: none"> – если Обучающийся не приступил к учебным занятиям в текущем учебном году или академическом периоде без уважительных причин в течение календарного месяца с момента начала учебного года (академического периода); – если Обучающийся не приступил к учебным занятиям без уважительных причин в течение календарного месяца с момента завершения академического отпуска; – если Обучающийся отсутствует на учебных занятиях без уважительных причин более 30 (тридцати) дней подряд. 	f) Университетпен байланыс үзілген жағдайда, атап айтқанда: <ul style="list-style-type: none"> – Білім алушы ағымдағы оқу жылында немесе академиялық кезеңде оқу жылы (академиялық кезең) басталған күннен бастап бір күнтізбелік ай бойы себепсіз сабаққа келмеген жағдайда; – Білім алушы академиялық демалыс аяқталған күннен бастап бір күнтізбелік ай бойы себепсіз сабаққа келмеген жағдайда; – Білім алушы 30 (отыз) күн бойы толығымен себепсіз сабақты босатқан жағдайда.
g) за нарушение Обучающимся академических норм, предусмотренных подпунктом 10) пункта 2.3. Договора и Правилами внутреннего учебного распорядка Университета;	g) Білім алушы Келісімнің 2.3. тармағының 10) тармақшасында және Университеттің Ішкі оқу тәртібі ережесінде қарастырылған академиялық нормаларды бұзғаны үшін.
h) за нарушение Обучающимся условий настоящего Договора, в том числе условий по оплате стоимости обучения;	h) Білім алушының осы Келісім шарттың талаптарын, соның ішінде оқу құнын төлеу бойынша талаптарын бұзғаны үшін.
i) в других случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором и Правилами внутреннего учебного распорядка Университета. Незнание Обучающимся норм действующего законодательства, Устава, Правил внутреннего учебного распорядка и других актов Университета, не освобождает Обучающегося от ответственности за их неисполнение и не является основанием, препятствующим отчислению Обучающегося.	i) Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында, осы Келісім шартта және Университеттің Ішкі оқу тәртібі ережесінде қарастырылған өзге де жағдайларда. Білім алушының заңдық күші бар заңнаманы, Университет Жарғысын, Ішкі оқу тәртібі ережелерін және Университет актілерін білмегендігі Білім алушыны олардың орындалмағандығы жауапкершіліктен босатпайды және Білім алушыны оқудан шығаруға бөгет бола алмайды.
7) осуществлять поощрение и вознаграждение Обучающегося за успехи в учебной, научной и творческой деятельности;	7) Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық жұмыстардағы табысы үшін марапаттауға және сыйлық табыстауға;
8) без предварительного согласования с Обучающимся предоставлять информацию Заказчику и родителям (законным представителям) Обучающегося относительно его успеваемости, поведения, оплаты стоимости обучения и других условий обучения;	8) Білім алушының алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушіге және Білім алушының ата-анасына (заңды өкілдерге) Білім алушының оқу үлгерімі, тәртібі, оқу ақысы және оқудың өзге шарттары туралы ақпарат беру;
9) расторгнуть Договор в одностороннем внесудебном порядке в случаях и в порядке, предусмотренных Договором и действующим законодательством Республики Казахстан.	9) Келісім шартта және Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында қарастырылған тәртіп пен жағдайлар бойынша Келісім шартты біржақты сотсыз бұзу.
2.3. Обучающийся обязуется:	2.3. Білім алушы міндеттенеді:
1) овладеть знаниями, умениями и практическими навыками в полном объеме государственных общеобразовательных стандартов образования;	1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар бойынша білім мен машықты, практикалық дағдыны толық көлемде меңгеру;
2) ознакомиться с правилами организации учебного процесса, Уставом Университета, Академической политикой Университета, Положением об академической честности, Кодексом академической честности, Правилами внутреннего учебного распорядка или другими нормативными правовыми актами, регламентирующими порядок приема в организации высшего учебного заведения и другие нормативные правовые акты Республики Казахстан и акты Университета по организации образовательного процесса;	2) оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесімен танысуға, сонымен қатар Университет Жарғысы мен Академиялық адалдық туралы ережесімен, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерімен және білім беру мекемесіне қабылдау тәртібін және тағы басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Университеттің оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша актілерін үйренуге және сақтауға;
3) исполнять Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции»;	3) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындауға;
4) соблюдать установленные сроки регистрации на учебные дисциплины и внесения изменений в индивидуальный учебный план;	4) Оқу тәртібі мен жеке оқу жоспарына өзгерістер енгізуге белгіленген тіркеу мерзімін сақтау;
5) записаться не менее чем на установленное количество кредитов в учебном году для освоения образовательной программы соответствующего уровня;	5) Лайықты деңгейде білім беру бағдарламасын меңгеру үшін оқу жылына белгіленген көлемнен кем емес кредиттерге жазылу;
6) выполнять все требования образовательных программ специальности в полном объеме, в соответствии с государственным общеобразовательным	6) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен сәйкес мамандықтың білім беру бағдарламасының толық көлемде барлық

стандартам образования;	талаптарын орындау;
7) посещать все виды учебных и практических занятий в соответствии с рабочими учебными планами, индивидуальным планом обучения, программами и расписаниями учебных и практических занятий, посещать консультации, тренинги, инструктажи (преждекзационационные, по дисциплинам промежуточного контроля и другие), проводимые кафедрами и деканатами школ/факультетов Университета;	7) жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқу және практикалық сабақтар жеке жоспарына, оқу сабақтарының бағдарламалары мен оқу кестелеріне сәйкес Университет кафедралары өткізетін оқу және практикалық сабақтардың, оқудың барлық түрлеріне қатысуға, кеңес алуға (емтихан алдындағы, аралық бақылау пәндері бойынша және басқа);
8) в случае пропуска занятий, проинформировать об этом Университет в письменной форме в течение недели со дня отсутствия;	8) сабақтар жіберген жағдайда, Университетте болмаған күннен бастап жеті күн ішінде жазбаша түрде білім беру ұйымына хабар беру;
9) в установленный срок проходить все виды контроля успеваемости и аттестации, далее по тексту Договора именуемые «аттестационные мероприятия», установленные в Университете для проверки учебных достижений обучающихся (сдача рубежного и аттестационного контроля);	9) Университетте білім алушының оқу жетістіктерін тексеру үшін белгіленген үлгерімді бақылаудың және аттестаттаудың, ары қарай Келісім шарт мәтіні бойынша «аттестаттау іс-шаралары» деп аталатын барлық түрлерінен белгіленген мерзімде өту;
10) не допускать: – использования на экзаменах, зачетах, иных обязательных аттестационных мероприятиях учебных и других информационных материалов без разрешения преподавателя, а также технических средств связи и иных способов для несанкционированного получения информации по существу выполняемого задания; – введения экзаменатора в заблуждение относительно личности аттестуемого Обучающегося и других лиц; – представления к оценке (защите) контрольных, курсовых, дипломных и иных обязательных письменных работ, авторство которых не принадлежит Обучающемуся;	10) жолберілмейді: – емтихан, сынақ және өзге міндетті аттестаттау іс-шараларында оқытушының рұқсатынсыз оқу және ақпараттық материалдарды, сондай-ақ байланыстың техникалық құралдарын, орындалатын тапсырма бойынша ақпаратты заңсыз түрде алудың өзге де жолдарын қолданбауға; – емтихан алушыға аттестаттаудан өтетін Білім алушының және басқа жеке тұлғаға қатысты жалған мәлімет бермеуге; – Білім алушының өзіне тиесілі емес бақылау, курс, диплом және өзге жазбаша жұмыстарды бағалауға (қорғауға) ұсыну;
11) регулярно знакомиться с объявлениями и информацией, размещаемыми администрацией Университета на информационных стендах, регулярно посещать официальный интернет-сайт Университета и знакомиться с размещенной на сайте информацией;	11) Университет әкімшілігі Университеттің ақпараттық тақталарында орналастыратын хабарландырулармен және ақпараттармен үнемі танысып отыруға, Университеттің ресми интернет-сайтындағы ақпараттармен үнемі танысу;
12) уважительно и корректно относиться к преподавателям, сотрудникам и обучающимся Университета;	12) Университет оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарап, әдеп сақтау;
13) бережно относиться к имуществу Университета и рационально использовать его, участвовать в создании нормальных условий для обучения и проживания в общежитии;	13) Университет мүлкін қастерлеп, оны орынды пайдалануға, оқуға, жатақханада тұруға тиімді жағдай жасауға атсалысу;
14) незамедлительно сообщать администрации Университета в случае изменения адреса, телефона и других данных, указанных в настоящем Договоре и личном деле Обучающегося, путем предоставления письменного заявления в деканат соответствующего факультета;	14) осы Келісім шартта және Білім алушының жеке ісінде көрсетілген тұрғылықты мекен-жайы, телефоны және өзге мәліметтер өзгерген жағдайда, тиісті факультет деканатына жазбаша өтініш беру арқылы уақытында Университет әкімшілігіне хабарлау;
15) соблюдать правила воинского учета.	15) әскери есеп ережелерін сақтау.
16) за нарушение обязанностей Обучающимися, могут быть применены меры дисциплинарного воздействия, предусмотренные Уставом Университета, Академической политикой Университета, Положением об академической честности, Кодексом академической честности, Правилами внутреннего учебного распорядка или другими нормативными правовыми актами Университета по организации образовательного процесса, либо иных мер, предусмотренных настоящим договором.	16) Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін, оларға Университеттің ішкі оқу тәртібінің ережелерін және Жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары, Академиялық адалдық туралы ережесінде, Университеттің ішкі оқу тәртібінің Ережелерінде және білім беру мекемесіне қабылдау тәртібінде және тағы басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Университеттің оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша актілерінде және осы Келісім шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.
2.4. Обучающийся имеет право на:	2.4. Білім алушының құқықтары:
1) восстановление в Университет, перевод с одной формы обучения на другую, с одной специальности на другую, с одной организации образования в другую, а также перевод с платного обучения на обучение по государственному образовательному заказу в порядке, установленном уполномоченным органом в области образования, настоящим Договором и актами Университета;	1) білім беру саласындағы өкілетті орган, осы Келісім шарт және Университет актілері белгілеген тәртіпте Университетке қайта қабылдануға, бір оқу түрінен екінші оқу түріне, бір оқу орнынан екінші оқу орнына, бір мамандықтан екінші мамандыққа ауысуға, сондай-ақ ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысына ауысу;
2) свободу выбора дисциплин, включенных в каталог элективных дисциплин для формирования своего индивидуального учебного плана, а также выбора преподавателей, в соответствии с Правилами организации учебного процесса по кредитной технологии обучения;	2) жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективтік пәндердің каталогына енгізілген таңдауы бойынша пәндерді, сонымен қатар Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесіне сәйкес оқытушыны таңдау еркіндігіне;
3) на получение консультативной помощи при составлении Индивидуального учебного плана;	3) Жеке оқу жоспарын құрастыруда консультативтік көмек алуына;
4) использование интерактивных методов обучения;	4) Интерактивтік оқу әдістерін қолдануына;
5) на получение образовательных услуг с получением новых информационных технологий и методическим обеспечением в дополнительный летний семестр;	5) Қосымша жаздық семестрде жаңа ақпарат технологиялармен және әдістермен қамтамасыз етілген білім алу қызметін қолдануына;
6) активизацию самостоятельной работы в освоении образовательной программы;	6) білім алу бағдарламасын меңгеруде өзіндік жұмысты белсендіруіне;
7) получение дополнительных сверх государственного стандарта образовательных услуг за дополнительную оплату;	7) қосымша төлем арқылы білім беру қызметінің мемлекеттік стандартының тыс қосымша қызмет көрсетуіне;
8) участие в органах студенческого самоуправления;	8) студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
9) на прохождение обучения за свой счет в случае расторжения Договора с Заказчиком.	9) тапсырыс берушімен Келісім шарт бұзылған жағдайда өз есебінен білім алуға;
2.5. Стороны также имеют другие права и несут другие обязательства, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и актами Университета.	2.5. Тараптар сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында, Университет актілерінде қарастырылған өзге де құқықтарға ие және басқа да міндеттемелерді орындайды.
2.6. Университет не принимает на себя никаких обязательств и не дает никаких гарантий, кроме обязательств и гарантий в части предоставления образовательных услуг, прямо предусмотренных Договором и действующим законодательством Республики Казахстан.	2.6. Университет тікелей осы Келісім шартта және Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында белгіленген білім беру қызметін көрсету тұрғысындағы міндеттемелері мен кепілдемелерінен басқа ешқандай міндеттемелер мен кепілдемелерді өз мойнына алмайды.
2.7. Заказчик обязуется:	2.7. Тапсырыс беруші міндеттенеді:
1) в течение всего срока действия Договора своевременно и в полном объеме производить оплату стоимости обучения, в том числе оплату стоимости обучения по дополнительным дисциплинам и при повторном изучении дисциплин с целью ликвидации академической задолженности, в порядке и на условиях, установленных Договором;	1) Келісім шарт өз күшінде болған уақытта оқу құнын, сонымен қоса қосымша пәндерді бойынша оқу құны мен академиялық қарызды өтеу мақсатында пән екінші рет өтілгені үшін оқу құнын Келісім шартта белгіленген тәртіп пен жағдайға сәйкес уақытында және толықтай төлеу;
2) при обращении Университета и/или Обучающегося о внесении изменений или дополнений в Договор или перезаключении Договора в связи с изменением условий обучения (при изменении стоимости обучения, при переводе Обучающегося с одной формы обучения на другую, с одной специальности на другую, в другую организацию образования и в других случаях), в письменной форме извещать Университет и Обучающегося о принятом решении в сроки, установленные Договором, а если такие сроки не установлены, - в течение 7 (семи) рабочих дней от даты получения	2) Университет және/немесе Білім алушы оқу шарттарының өзгеруіне байланысты (оқу ақысы өзгерген жағдайда, бір оқу түрінен екінші оқу түріне ауысқанда, бір мамандықтан екінші мамандыққа, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауысуға және басқа да жағдайларда) Келісім шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы өтініш білдіргенде Университет пен Білім алушыға қабылданған шешім жөнінде жазбаша түрде Келісім шартта белгіленген мерзімде, ал егер мерзім белгіленбеген болса, өтінішті

обращения;	алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде мәлімдеу;
3) при изменении наименования, адреса, телефона, банковских реквизитов и других данных Заказчика, предоставить в Университет официальное письменное извещение с указанием актуальных данных.	3) Тапсырыс берушінің атауы, мекен-жайы, телефоны, банк реквизиттері және өзге мәліметтері өзгерген жағдайда, Университетке қажетті мәліметтер көрсетілген жазбаша ресми мәлімдемені ұсыну.
2.8. Заказчик имеет право:	2.8. Тапсырыс беруші құқылы:
1) требовать от обучающегося добросовестного и надлежащего исполнения обязанностей в соответствии с настоящим Договором;	1) Білім алушыдан осы шартқа сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды талап етуге құқылы;
2) требовать от Университета предоставления по запросу Заказчика полной информации относительно успеваемости Обучающегося, его поведения, стоимости обучения и других условий обучения;	2) Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Университеттен Білім алушының оқу үлгеріміне, тәртібіне және оқудың өзге жағдайларда байланысты ақпаратты талап ету;
3) отказаться от исполнения Договора в одностороннем внесудебном порядке в случаях и в порядке, предусмотренных Договором.	3) біржақты сотсыз тәртіппен Келісім шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпке сәйкес Келісім шартты орындаудан бас тарту.
2.9. Стороны также имеют другие права и несут другие обязательства, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и актами Университета.	2.9. Тараптар сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында, Университет актілерінде қарастырылған өзге де құқықтарға ие және басқа да міндеттемелерді орындайды.
2.10. Университет не принимает на себя никаких обязательств и не дает никаких гарантий, кроме обязательств и гарантий в части предоставления образовательных услуг, прямо предусмотренных Договором и действующим законодательством Республики Казахстан.	2.10. Университет тікелей осы Келісім шартта және Қазақстан Республикасының заңдық күші бар заңнамасында белгіленген білім беру қызметін көрсету тұрғысындағы міндеттемелері мен кепілдемелерінен басқа ешқандай міндеттемелер мен кепілдемелерді өз мойнына алмайды.
3. РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ СТОИМОСТИ ОБУЧЕНИЯ	3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, ТӘРТІБІ
3.1. Стоимость обучения по настоящему Договору составляет составляет 635 800 тенге (шестьсот тридцать пять тысяч восемьсот) за один курс обучения (учебный год). В течение срока действия Договора стоимость обучения может быть изменена Университетом в одностороннем порядке в случае увеличения расходов на оплату труда и индекса инфляции, увеличения уровня расходов, предусмотренных Постановлением Правительства Республики Казахстан по утверждению государственного заказа на подготовку специалистов с высшим образованием на соответствующий учебный год, и в других случаях, допускаемых действующим законодательством, но не более одного раза в год. В течение 10 (десяти) рабочих дней от даты утверждения новой стоимости обучения, администрация Университета направляет Сторонам соответствующее письменное уведомление с указанием основания изменения стоимости обучения, суммы и даты утверждения новой стоимости обучения.	3.1. Осы Келісім шарт бойынша оқудың бір білім беру курсы (оқу жылы) үшін оқу құны құны 635 800 теңгені (алты жүз отыз бес мың сегіз жүз) құрайды. Келісім шарт өз күшінде болған мерзімде оқу құнын еңбекке тәуелсіз шығындары мен инфляция индексі ұлғайғанда, шығын деңгейі жоғарылағанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандарды даярлаудың мемлекеттік тапсырысын бекіту жөніндегі Қаулысында қарастырылған және заңдық күші бар заңнамада қарастырылған басқа да жағдайларда Университет біржақты тәртіп бойынша жылына бір реттен асырмай өзгертуі мүмкін. Жаңа оқу құны бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет әкімшілігі Тараптарға оқу құнын өзгертуге негіз болған жағдайды, төлем сомасы мен жаңа оқу құнының бекітілген күнін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.
3.2. В течение 30 (тридцати) дней от даты утверждения новой стоимости обучения, Стороны обязаны подписать дополнительное соглашение к Договору по форме, предоставленной Университетом, с учетом установленной Университетом стоимости обучения и даты ее утверждения. При несогласии с изменением стоимости обучения, любая из Сторон вправе в этот же срок отказаться от исполнения Договора, письменно уведомив об этом другие Стороны.	3.2. Жаңа оқу құнының бағасы бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Тараптар Университет ұсынған үлгіде Келісім шартқа қосымша келісім жасауға міндетті, Университетпен бекітілген уақыты және оқу құнына сәйкес, өзгертілген оқу құнының мөлшерімен келіспеген жағдайда, кез келген Тараптар сол кезден бастап Келісім шартты басқа Тараптарға жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы орындаудан бас тартуға құқылы.
3.3. Заказчик и Обучающийся подтверждают, что в случае не подписания ими дополнительного соглашения к Договору об изменении стоимости обучения и не предоставления в Университет письменного отказа от исполнения Договора в срок и в порядке, согласно пункту 3.2. Договора, Заказчик и Обучающийся беспорочно соглашаются с изменением стоимости обучения и утвержденная Университетом стоимость обучения считается согласованной всеми Сторонами. В случае предоставления Заказчиком или Обучающимся в установленный срок письменного отказа от исполнения Договора в связи с изменением стоимости обучения, данный Договор признается расторгнутым и утрачивает свою юридическую силу, без дополнительного подтверждения Сторонами. При этом Договор считается расторгнутым с даты отчисления Обучающегося из Университета (<i>при отказе Обучающегося от исполнения Договора</i>) или по истечении 7 (семи) рабочих дней от даты получения Университетом письменного уведомления Заказчика об отказе от исполнения Договора (<i>при отказе Заказчика от исполнения Договора</i>).	3.3. Тапсырыс беруші мен Білім алушы оқу құнының өзгергендігі туралы Келісім шартқа қосымша келісімге қол қоймаса және Келісім шартты орындаудан белгіленген мерзім ішінде тәртіпке сай жазбаша түрде бас тартқан болса, Келісім шарттың 3.2. тармағына сәйкес Тапсырыс беруші мен Білім алушының оқу құнының өзгеруімен даусыз келісетіндігін растайды және Университет бекіткен оқу құны барлық Тараптармен келісілген деп есептеледі. Тапсырыс беруші мен Білім алушы оқу құнының өзгеруіне байланысты Келісім шартты орындаудан жазбаша түрде белгіленген мерзімде бас тартса, аталған Келісім шарт Тараптардың қосымша растауынсыз бұзылды деп есептеліп, өзінің заңдық күшін жояды. Осы орайда Келісім шарт Білім алушы Университеттен шығарылған күннен бастап (<i>Білім алушы Келісім шартты орындаудан бас тартса</i>) немесе Университет Тапсырыс берушінің Келісім шартты орындаудан жазбаша түрдегі бас тартуы туралы мәлімдемесін алған күннен бастап 7 (жеті) күн өткен соң (<i>Тапсырыс беруші Келісім шартты орындаудан бас тартса</i>) бұзылды деп есептеледі.
3.4. Предусмотренная настоящим Договором стоимость обучения включает стоимость обучения по обязательным видам учебных дисциплин (<i>минимального количества кредитов</i>), предусмотренных рабочим учебным планом специальности. Запись (регистрация) Обучающегося на изучение дополнительных дисциплин (дополнительные кредиты), а также повторное изучение ранее пройденных дисциплин с целью ликвидации академической задолженности, производится за дополнительную плату, размер которой определяется согласно тарифам, установленным в Университете на момент регистрации, если иное не будет установлено актами Университета.	3.4. Осы Келісім шартта қарастырылған оқу құны мамандықтың оқу жоспарында белгіленген міндетті оқу пәндері бойынша оқыту құнын (<i>кредиттің минимальды санын</i>) қамтиды. Білім алушының қосымша пәндерге (қосымша кредиттерге) жазу (тіркеу), сондай-ақ академиялық қарызды өтеу мақсатында бұрын өтілген пәндерді қайта оқу, өзге шарттар Университет актілерінде белгіленбеген жағдайда, Университетте тіркеу уақытындағы белгіленген тарифқа сәйкес қосымша төлем негізінде жүргізіледі.
3.5. Заказчик производит оплату стоимости обучения за каждый учебный год поэтапно в следующем порядке: – 50% (пятьдесят процентов) от стоимости обучения за текущий учебный год, - не позднее 25 августа текущего учебного года; – 30% (тридцать процентов) от стоимости обучения за текущий учебный год, - не позднее 01 февраля текущего учебного года; – 20% (двадцать процентов) от стоимости обучения за текущий учебный год, - не позднее 01 апреля текущего учебного года.	3.5. Тапсырыс беруші оқу құнын әр оқу жылына келесідегідей тәртіппен кезек кезеңмен төлейді: – Ағымдағы оқу жылының 25 тамызға дейін осы оқу жылының оқу құнының 50% (елу пайызын); – Ағымдағы оқу жылына 01 ақпанына дейін осы оқу жылының оқу құнының 30% (отыз пайызын); – Ағымдағы оқу жылына 01 сәуіріне дейін осы оқу жылының оқу құнының 20% (жырма пайызын).
3.6. Обучающийся (его представитель) вправе самостоятельно произвести оплату стоимости обучения, без внесения изменений в настоящий Договор, с дальнейшим урегулированием финансовых и иных взаимоотношений между Обучающимся и Заказчиком по соглашению между ними, без привлечения Университета и без предъявления к Университету финансовых и иных требований.	3.6. Білім алушы (оның өкілі) оқу құнын осы Келісім шартқа өзгеріс енгізусіз, өзара келісім арқылы Білім алушы мен Тапсырыс беруші арасындағы қаржылық және басқа қарым-қатынастарды реттей отырып, Университеттің араласуынсыз және Университетке қаржылық және басқа талаптарды қоймастан, өзі төлеуге құқылы.
3.7. Заказчик (Обучающийся) вправе произвести предварительную оплату в размере 100% (сто процентов) от стоимости обучения за весь срок обучения. В этом случае стоимость обучения является неизменной до окончания срока обучения, если иное не будет установлено действующим законодательством или согласовано Сторонами.	3.7. Тапсырыс беруші (Білім алушы) оқудың барлық мерзімі үшін оқу құнының 100% (жүз пайыз) көлемінде алдын ала төлем төлеуге құқылы. Бұл жағдайда қолданыстағы заңнамада басқаша қарастырылмаған немесе Тараптар арасында келісілмеген болса, осы жағдайда оқу құны оқу аяқталған мерзімге дейін өзгермейді.
3.8. При предоставлении академического отпуска Обучающемуся на платной	3.8. Ақылы негізде білім алушыға академиялық демалыс берілген кезде

основе оплата за обучение приостанавливается на период академического отпуска.	академиялық демалыс кезеңі бойында оқуына төлемақы төлеу тоқтатылады.
3.9. Форма оплаты - перечисление соответствующих платежей на расчетный счет Университета согласно банковским реквизитам, действующим на дату произведения платежа, полученным Заказчиком (Обучающимся) в финансовой службе Университета.	3.9. Төлеу түрі – тиісті төлемдерді Тапсырыс берушінің (Білім алушы) Университеттің қаржы қызметінен алған төлеу уақытындағы банк реквизиттеріне сәйкес Университеттің есеп-шотына аудару.
3.10. В случае нарушения срока оплаты за обучение, предусмотренного настоящим Договором, Университет вправе потребовать от Обучающегося уплаты пени в размере 0,1% от общей суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более 10% от общей суммы за один учебный год.	3.10. Осы келісімде қарастырылған оқу төлемін бұзған жағдайда, Университет білім алушыдан кешіктірілген күннің әрқайсысы үшін мерзімі өткен төлемнің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ айыппұл бір оқу жылының жалпы сомасынан 10%-нан аспауы тиіс.
3.11. За поступающих впервые в Университет Заказчик/Обучающийся оплачивает первые 50 % до зачисления в Университет.	3.11. Университетке алғаш рет оқуға түсушілердің оқу ақысының бірінші 50 % Тапсырыс беруші/Білім алушы Университетке оқуға түскенге дейін төлейді.
4. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН, ОСНОВАНИЯ ОТЧИСЛЕНИЯ	4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІКТЕРІ, ОҚУДАН ШЫҒАРУ НЕГІЗІ
4.1. За невыполнение и/или ненадлежащее выполнение условий Договора, Стороны несут ответственность, предусмотренную Договором, а в части, не урегулированной Договором, - действующим законодательством Республики Казахстан.	4.1. Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Келісім шартта белгіленген жауапкершілікке ие.
4.2. Сторона, нарушившая свои обязательства по настоящему договору, обязуется немедленно известить об этом другую Сторону и предпринять все зависящие от нее меры для устранения нарушения.	4.2. Келісім бойынша өз міндеттерін бұзған Тарап, екінші Тарапқа ол туралы тез арада хабарлауға және барлық өзіне тәуелді жою шараларын қолдануға міндетті;
4.3. В случае неоплаты за обучение, Обучающийся не допускается к соответствующей сессии и остается на повторный курс. Образовавшийся долг за обучение, в случае невыхода на повторный курс, взскивается в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.	4.3. Оқу ақысын төлемеген жағдайда Білім алушы тиісті сессияға жіберілмейді және қайта оқу курсына қалдырылады. Оқығаны үшін жинақталған қарызы болған жағдайда, қайта курсына шықпаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен талап етіледі.
